



Жанғара Дәдебаев,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АБЗАЛ АДАМ, АЯУЛЫ КІСІ

70 жас



Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі Серік Жайлауұлы Пірәлиев (1952-2022) Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебінің аса көрнекті қайраткері, ақыл-ой қазынасында білім мен ғылым қызуы шалқыған, жүзінде иман нұры балқыған асыл азамат еді.

«Өмір жолы – тар сокпақ, бір иген жақ, Иілтіп, екі басын ұстаған хақ», - деп Абай өзінің өмірден көргені мен білгеніне, ақылмен ойлап түйгеніне сүйеніп айтқан ғой. Ақынның: «Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ», - деген ғибратты ескертуінің маңызы мен мәні қандай терең еді. Не тиянақ, не тегістік жоқ имек жолда алдынан жаратқанның жарығы жанып тұрған жан ғана құлап кетпей, тура шығады. Серік Жайлауұлының өмір жолына қарап отырғанда, мынадай ойдың лебі ескендей болады: Серік Жайлауұлы екі басын иілтіп хақ ұстап тұрған имек жолда көзіне бағып, құлап кетпей тура шықты. Алла рақым етсін марқұмның рухына.

1

Серік Жайлауұлы 1976 жылы эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ол кезле - С.М. Киров



атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) химия факультетін бітірді. Қазақстанның ең үздік жоғары оқу орнында үздік білім алған жас маман ғылым жолын таңдады. Қазақстанның Ғылым академиясы құрамындағы Химия ғылыми-зерттеу институтына жолдамамен келіп, қызметке тұрды (1976-1985). Института табан аудармай тоғыз жыл еңбек етіп, ғылыми зерттеу жүргізудің, лабораториялық зерттеу нәтижелерін саралау мен жинақтаудың, ой түйіп, қорытынды жасаудың жолдарын, әдістері мен тәсілдерін жете меңгерді. Алғашқы зерттеу еңбектерін жазып, жариялады, 02.00.03 - Органикалық химия мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады (1984), ғылым мен білім жолындағы алғашқы жетістіктері жас маманның қабілетінің жарқырап ашылуына ықпал етті, кәсіби құзіреттілігін арттырды.

Қабілетті, талантты жас ғалымға Республиканың Білім министрлігі басшыларының ықыласы түсті. 1985-1995 жылдары Білім министрлігінде аға инспектор, басқарма бастығының орынбасары, министрдің көмекшісі, бөлім бастығы, бас басқарма бастығы лауазымдарында еңбек етіп, ғылыми зерттеу мен білім беру ісін ұйымдастыру, басқару саласында мемлекеттік деңгейдегі біліктілік биігіне көтерілді. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппаратында сыртқы байланыстар бөлімінің хаттамалық қызмет секторының меңгерушісі (1995), Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен ықпалдастық бойынша Мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары (1995-1996), Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің жоғары және орта арнаулы білім департаменті директорының орынбасары (1997), Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі құрамындағы жоғары және орта арнаулы білім басқармасы бастығының орынбасары, бастығы (1997-1999) бола жүріп, еліміздің ғылымы мен білім беру ісінің бас маманы, көрнекті



қайраткері, тұғыры биік тұрлаулы тұлғасы болып қалыптасты.

Серік Жайлауұлы 1999 жылы Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалды. Осы оқу орнында ректор болып жүріп Жалпы педагогика мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғады (2002). «Жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептер жүйесінде жас мамандарды кәсіптік адаптациялаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясында жоғары және жалпы білім беретін мектептер педагогикасының аса өзекті және іргелі дидактикалық мәселелері шешімін тапты. Диссертацияда негізделген тұжырымдар мен қағидалар отандық педагогика ғылымындағы жаңа жетістік ретінде бағаланды.

Жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептерде оқу, тәрбие жұмыстарын жүргізетін жас мамандарды кәсіптік қызметке баулу - әрқашан өзекті, әлеуметтік маңызы зор міндет. Оны іс жүзіне асырудың әдістемелік, дидактикалық, психологиялық мәселелері өзара сабақтас, тығыз байланысты. Сыныпқа немесе аудиторияға мұғалім немесе оқытушы болып алғаш кірген жас маманның алдынан осы өзара сабақтас, тығыз байланысты мәселелер бірдей шығады. Білім беру үдерісі қандай деңгейдегі мектепте де оқушы мен оқытушының белсенді шығармашылық қызметіне негізделеді. Мұғалім немесе оқытушы сөйлеп, ал оқушы немесе студент тыңдаушы болып қана отырған жағдайда, сабақ бірқалыпты, біржақты сипат алады. Мұндай жағдайда білім алушы мұғалімнің немесе оқытушының сөзін тыңдаумен ғана болады. Сабақ оқытушы мен оқушының бірлескен шығармашылық ойлау қызметіне негізделгенде ғана білім беру ісі танымдық маңызы бай, тағылымдық мәні терең сипат алады. Собақты мұндай деңгейде беру мұғалімнің өз білімін оқу, оқыту үдерісінің алуан түрлі мәселелерін



жоғары деңгейде шешуге шебер пайдалануға дағдылануын талап етеді. Мұндай мәселелер кеңістігінде жас мамандарды кәсіптік адаптациялаудың ғылыми-педагогикалық негіздерін жасау, жаңа білім өндіру және оларды жас мамандардың кәсіби қызметінде лайықты пайдалануына қажетті дидактикалық құралдар, әдіс-тәсілдер ұсыну өте маңызды. Әр сабақ аясындағы педагогикалық мақсат, сабақтың мазмұнын талдау, сабақтың түрін таңдау, дидактикалық мақсатты анықтау, оқыту әдісін анықтау, сабақтың құрылымын саралау, дидактикалық міндеттерді белгілеу, оқыту құралдарын дайындау, дидактикалық мақсаттарды шешудің амалдарын табу, сабақты талдау сияқты мәселелерді қандай жағдайда да лайықты жүзеге асыруға дағдыланудың әр жас мұғалім үшін өмірлік маңызы бар. Серік Жайлауұлының зерттеулері білім беру ісінің осындай өмірлік маңызы зор өзекті мәселелеріне арналды.

Өмір жолының түрлі белестерінде алған терең білімі мен биік кәсіби құзіреттілігі, бай тәжірибесі Серік Жайлауұлының әрқашан адал да сенімді қолдаушысы болды. 2003-2007 жылдары Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің президенті болып қызмет еткенде оны қолдаған да, қорғаған да осылар болды: терең білімі; биік құзіреттілігі; бай тәжірибесі. Бұл үш қазына-байлық кісілік кемелдікпен, азаматтық асыл ұстаныммен ұштасып, ғылым мен білім қайраткерінің бірегей абзал қасиетінің негізіне айналды. Серік Жайлауұлының тиянақты, жүйелі ұйымдастыру және басқару жұмыстарының нәтижесінде Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Түрк әлемінің ұйыстырушы, ынтымақтастырушы рухани орталығына айналды.

Білім және ғылым министрлігінде іс жүзіне аса бастаған жаңа мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысында басшылар білім мен ғылым саласында басшылық лауазымында бай тәжірибе жинаған, салдарлы



ұйымдастырушы, салиқалы басқарушы Серік Жайлауұлы Пірәлиевке назар аударды. Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен Серік Жайлауұлы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы болып тағайындалды (28.10.2007), Республика Президентінің келесі өкімімен (22.04.2008) Серік Жайлауұлы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы лауазымынан босатылып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры болып тағайындалды.

Серік Жайлауұлы ректорлық қызметін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің стратегиялық даму бағдарламасын жасаудан бастады. Бағдарламада университеттің басты қызмет салалары бойынша нақты мақсаттар, міндеттер белгіленіп, оларды іс жүзіне асыруға қажетті жағдайлар, тетіктер анықталды. Ректор университет құрамында «Білім мазмұны және жаңартпа технологиялар» ғылыми-зерттеу институтын ашып, атқарылар істің ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік, технологиялық негіздерін методологиялық және теориялық деңгейде қапысыз тиянақтауға қол жеткізді, білім мазмұнының сапасын ғылымның соны жетістіктері мен қоғамның заманауи сұраныстарына сай ұдайы жақсартудың жүйесін жасады. Оқу лабораторияларының, зертханалардың ескірген, уақыт сұранысына жауап беруден қалған құрал-жабдықтары, университеттің материалдық-техникалық базасы заман талабына сай толық жаңартылды. Университеттің даму стратегиясын кезең-кезеңімен іс жүзіне асырудың нақты нәтижелері ректорды жаңа белестерге құлшындырды. 2011 жылы Республикалық қоғамдық-саяси «Президент және халық» газеті мен «Уақыт таңдауы» агенттігінің бірлескен жобасы аясында әр сала бойынша жыл үздіктері анықталды. Осы жоба аясында өткізілген сараптау және саралау жұмыстарының нәтижесінде Серік Жайлауұлы «Жылдың ең үздік ректоры» атанды.



Университеттің материалдық-техникалық базасы, білім беру, маман даярлау сапасы жыл сайын жақсарып, жаңа деңгейге көтерілді, оқытушы-профессорлар корпусының интеллектуалдық әлеуеті артты. Қос дипломды білім беру жүйесі жолға қойылды. Университетте магистрлер мен PhD докторларды шет елдік университеттермен біріге даярлау жүзеге асырылды. Сорбонна Париж Сите (Франция), Виктор Франклин педагогикалық университеті (Австрия), Гранады Университеті (Испания), Печ университеті (Венгрия), Балты халықаралық Академиясы (Латвия), Эрзинджан мемлекеттік университеті (Турция), Хубей Технологиялық Университеті, Ухан Университеті (Китай) және т.б. университетермен тығыз ынтымақтастықта, бірлесе отырып жүргізген жұмыстар ұлттық педагогикалық университеттің білім беру, маман даярлау қызметін таудай биікке көтерді. Бұл ретте 2014 жылы Серік Жайлауұлының бастамасы және ерен еңбегі нәтижесінде ашылған «Сорбонна – Қазақстан» институты Абай атындағы ҚазҰПУ мен «Сорбонна города Париж» жоғары білім ғылыми орталығының бірлескен оқу бағдарламасы бойынша біріккен бакалавр және қос дипломды магистр даярлауда қол жеткен табыстар университеттің білім беру, маман даярлау ісін жаңа сапалық деңгейге шығарды.

Серік Жайлауұлы басшылық еткен (2008-2017) жылдарда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті зор жетістіктерге жетті. Осы жетістіктер кейінгі жылдарда университеттің халықаралық рейтинг жүйелерінде жоғары көрсеткіштерге жетуіне негіз болды.

Ұлттық университет ректорының ажарын ашатын, абыройын арттыратын ерекше қуат көзі – оның ғылыми зерттеу саласындағы жетістіктерінің әлеуметтік маңызының жоғарылығы. Ғылымда қоғамның мемлекеттік мәні бар, әлеуметтік маңызы зор өзекті мәселелерін шешуге әр



қабілеті жете бермейді. Ғылыми зерттеулеріне ақыл-ой қуатының, жүрек қалауының жылуы мен жарығын толық жұмсаған, зерттеудің теориялық және методологиялық тетіктерін түгел меңгерген қабілеті зор, талантты да дарынды ғалым ғана жете алмақ. Мұндай қасиет заманының ғылым мен білім әлеміндегі озық тұлғасында ғана болады. Серік Жайлауұлы заманының ғылым мен білім әлеміндегі озық тұлғасы еді.

Серік Жайлауұлының ғылыми зерттеулері халық шаруашылығы үшін бәсекеге қабілетті жоғары білімді және жоғары білікті жас мамандар даярлаудың ғылыми, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік, теориялық және методологиялық іргелі мәселелерін шешуге арналды. Осы салада ол 400-ден астам ғылыми еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдарын жариялады, өндіріске 10-нан астам оқу пәндерін, білім беру бағдарламаларын енгізді, 30-дан астам ғылым кандидаттары мен докторларын, философия докторларын даярлады, оның редакторлығымен 50-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік басылымдар жарық көрді. Қазақстан Республикасының «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталды. Ы. Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері. Қазақстан Республикасының ҰҒА мүшесі, Қазақстан Білім беру ісінің үздігі.

Ғалымның ғылыми зерттеу кеңістігінен өзара сабақтас екі сала ерекше айшықты көрінеді. Оның бірі – білім мазмұны, екіншісі – ұлттық тәрбие.

Ғалымның тең авторлармен бірге жазып, жариялаған екі томдық «Жалпы химия» оқулығы және басқа оқу құралдары жоғары білім беру ісіндегі басты білім негізі қызметін атқарды, химия мамандығы бойынша білім алушы болашақ мұғалімдер үшін қымбат құндылыққа айналды. Ұлттық тәрбие жайында жазылған «Ұлттық тәрбие: оқу құралы», «Ұлттық тәрбиенің патриоттық мазмұны: оқу құралы», «Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде) және басқа еңбектерінде автор ұлттық



тәрбие жайын зерттеу пәні ретінде ғана қарастырып қоймай, оны оқу пәніне айналдырды, білім беру жүйесіне жаңа оқу пәнін енгізді. Жаңа оқу пәнін ғылыми, әдістемелік құрамдастарын толықтыру мақсатында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жаңа ғылыми бағыт қалыптасты, ұлттық тәрбие кафедрасы, ұлттық тәрбие орталығы жұмыс істеп, профессор С.Ж. Пірәлиевтің бас редакторлығымен «Ұлттық тәрбие» республикалық ғылыми-көпшілік журналы шыға бастады (2010), оқытушылар мен зерттеушілердің жаңа буыны өсіп, жетілді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен университет жанынан «Ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру Кеңесі» құрылды, оның төрағасы болып университет ректоры профессор С.Ж. Пірәлиев бекітілді. Ұлттық тәрбие беру ісі республика аумағында кең қанат жайып, жаңа серпінмен жалғасты.

«Ұлттық тәрбие» журналының бірінші номерінде (2010) жарияланған «Жаһандану үдерісіндегі жастарға ұлттық тәрбие берудің рөлі» атты көсемсөзінде С.Ж. Пірәлиев мынадай пікір айтты:

«Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр.

Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы - әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі.

Ел болу, мемлекет құру - сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар.

Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолда ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды, ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы қарыз бен өкшебасар ұрпақтың



алдындағы парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен карыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз»¹.

Автордың пікірінде халықтық, мемлекеттік, өмірлік маңызы өлшеусіз зор мәселенің тарихы мен теориясына, мәні мен маңызына терең бойлаған ғұлама жанның таным байлығы мен патриоттық сезімі теңіздей тебіреніп, күндей балқиды.

Ғалымның өзінен кейінгілерге қалдырған ұлттық тәрбие туралы еңбектерінің өзегінде асыл қазына бар. Ол - бірдің емес, көптің, жастың немесе қарттың ғана емес, тұтас ұлттың әрқашан ардақ тұтып, игілігіне ұстанатын қасиетті қазынасы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1976 жылғы түлегі Серік Жайлауұлы Пірәлиев – Қазақстанның Жоғары мектебінің, ғылымы мен білімінің дамуына, елдің қоғамдық санасының жаңаруы мен жаңғыруына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына зор үлес қосқан, ерен еңбек сіңірген абзал адам, аяулы кісі.

25.05.2023

¹ *Ұлттық тәрбие.* – 2010. - № 1. – Б. 13.